

Келісемін:

Директордың ТІЖО:

Жапарова С.Б.

Жапарова С.Б.



Досмагамбетов М.Ш

**Ақмола облысы Целиноргад ауданы
«Гайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылына арналған
Аға тәлімгердің жұмыс жоспары**

Аға тәлімгер: Ерназарова А.О

АҒА ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Атқарылатын іс-шара атауы	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	<p>«1 қыркүйек-Білім күні» атты жалпы мектептік салтанатты жиын. Сынып сағаты. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»</p> <p>Алғашқы қоңырау іс-шарасын өткізуге қатысу.</p> <p>Құжаттарды реттеу</p> <p>а) Сынып оқушыларының тізімін алу</p> <p>ә) «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелерін түгендеу</p> <p>б) «Жас Ұлан» РБЖҰ жылдық жоспар құру</p> <p>в) Символдық рәміздердің ерекшеліктерімен таныстыру;</p> <p>г) ұйым мүшелеріне бағыт –бағдар беру</p> <p>«Жас Ұлан» ұйымына белсенді мүшелер сайлау</p> <p>«Денсаулық фестивалі-2021» спорттық шарасына қатысу</p>	<p>Мектеп ұжымы, 1-11 сынып Ата-аналар</p> <p>Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері.</p>	<p>Қыркүйек</p> <p>3-8</p>	<p>ДТТЖО, Тәлімгер Сынып жетекшілер</p> <p>Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері.</p> <p>ДТТЖО, Тәлімгер Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері Сынып жетекшілер</p>
3	<p>«Жас Ұлан» ұйымының кеңесі</p> <p>1. Міндеттерін оқыту</p> <p>2. Қоғамдық жоспармен таныстыру</p> <p>3. Қоғамдық тапсырмаларды бекіту</p> <p>4. Топ басшыларын тағайындау</p> <p>«Абайлаңыз балалар!» акция</p> <p>«Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік!» тәрбие сағаттары</p> <p>Отбасы күні «Отбасы-өмір аясы» ойын сауықтық бағдарлама</p> <p>ҚБЖҰ штабына қабылданған оқушылар туралы мәлімет тапсыру</p>	<p>Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері.</p> <p>1-11 сынып</p> <p>1-11 сынып</p> <p>1-4 сынып</p>	<p>Қыркүйек 10-15</p>	<p>Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері,</p> <p>Директордың ТЖО Сынып жетекшілер Тәлімгер Гум пәндер мұғ Тәлімгер Тәлімгер, сынып жетекшілер Тәлімгер</p>
4	<p>«Менің жазғы демалысым» сурет көрмесі</p>	<p>1-4 сыныптар 2-4 сыныптар</p>	<p>Қыркүйек 17-22</p>	<p>Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері</p>
5				<p>Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері</p>

	«Жас Ұлан» ұйымының стендін жаңалау «Таза оқулық» атты оқулықтар рейдін жүргізу	8-9 сыныптар	Қыркүйек 24-29	Кітапханашы Тәлімгер, «Жас Ұлан» белсенділері
6	«Қартарым, аман- сау жүрші» сынып сағаты, мерекелік іс шара Ұстаздар күніне арналған іс шара «Аяулы ұстазым» құттықтау жәшігі Өзін-өзі басқару күні. Ұстаздар күніне қабырға газетін шығару «Өнер керек ұрпаққа өлең керек» (ұстаздарға арнау) мәнерлеп өлең оқу	1-11 сынып 1-4 сынып 1-11 сынып 9-11 сынып 10-сынып 5-8 сынып	Қазан 1-6	ДТЖО Тәлімгер, Әлеуметтік педагог «Жас Ұлан» белсенділері Сынып жетекшілер ДТЖО, Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері Тәлімгер
7	«Денсаулық – зор байлық» флеш моб «Күнделік – оқушы айнасы» рейд өткізу «Күзгі пейзаж» атты сурет көрмесі	7-11 сынып 1-11 сынып 1-4 сынып	Қазан 8-13	Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері Тәлімгер
8	Ұлттық ойындарға насихат «Елім менің» музыкалық – зияткерлік сайыс	5-10 сынып 3-4 сынып	Қазан 22-27	«Жас Ұлан» белсенділері Сынып жетекшілер Муз пәні мұғ-і
9	Оқушылардың жеке басының гигиеналық талаптарының орындалуын бақылау «Өз елімді өзек етем жырларым» «Отан» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы	1-11 сынып үнемі 5-9 сынып	Қараша 5-10	Тәлімгер, Медбике Тәлімгер, ҚТӨ пәні мұғ
10	Оқушылардың күнделіктерін тексеру «Қазақты жаралғандай танытқалы» Қазақ елінің ағақты, елеулі адамдарының ерліктерін, игі істерін насихаттау (дөңгелек үстел)	1-11 сынып 1-11 сынып 9-11 сынып	Қараша 19-24	Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері Тәлімгер
11	«Жас Ұлан» ұйымына Аңт қабылдау рәсіміне дайындық «СПИД – XXI ғасыр індеті» айлыққа қатысу «Дарабоз» этнографиялық ойын	10-сынып 1-11 сынып 5 – 8 сынып	Қараша 26-30	Тәлімгер Тәлімгер Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері

12	1-желтоқсан «Тұңғыш Президент күні салтанатты жиыны «Тәуелсіздік- теңдесі жоқ байлығым» сынып сағаттары, мерекелік іс шара	1-11 сынып 1-11 сынып	Желтоқсан 3-8	ДТЖО Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
13	«Тәуелсіздік – бастауы бар бақытың» 16 желтоқсан «Тәуелсіздікке-28 жыл» «Болашақ білімді жастар қолында» тақырыбында деңгелек үстел ұйымдастыру	1-11 сынып 5-10 сынып	Желтоқсан 10-15	ДТЖО Тәлімгер Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері Тәлімгер Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
14	«Тәуелсіздік тұғырым биік болсын» атты сурет көрмесі «Тәуелсіз елім – тірегім, туған тілім – жүрегім!» деңгелек үстел «Жас Ұлан» ұйымының жарты жылдық есебі «Жаңа жыл мерекесі»	1-4 сынып 5-8 сынып	Желтоқсан 24-29	Тәлімгер ДТЖО Тәлімгер
15	«Жарқырасын, Жаңа жылдың шамдары!» Концерттік бағдарлама «Қар жамылған ағаштар» сурет байқауы «Отаным – Қазақстан» патриоттық әндер байқауы	1-4 сынып 1-7 сынып	Қаңтар 7-12	Тәлімгер Тәлімгер
16	«Қысқы пейзаж» атты сурет көрмесі «Айгөлек» балалар фестивалі «Белсенді бестік» білімділер сайысы	1-5 сынып 1-7 сынып 5-6 сынып	Қаңтар 14-19	Тәлімгер Тәлімгер Тәлімгер
17	«Бала құқығы туралы» эссе жазу «Саз әлемі-2019» ән байқауы Мектеп комитетінің жиналысын өткізу	1-5 сынып 1-7 сынып 10-сынып	Қаңтар 28-2	Тәлімгер Тәлімгер
18	«Жүзден жүйрік, мыңнана тұлпар» спорттық сайысы «Қыста талай қызық бар» арналған әдеби кеш ұйымдастыру	2-4 сынып 1-6 сынып 5-9 сынып	Ақпан 4-9	Тәлімгер, ДТ пәні мұғ Тәлімгер «Жас Ұлан» Белсенділері Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
19	«Өнші балапан» балалар байқауы Аналар мерекесіне дайындық	1-7 сынып 10-сынып	Ақпан 25-2	Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
20	«Супер, аналар» сайыс «Көктем аруы – 2019» байқауын өткізу	1-9 сыныптар	Наурыз 4-9	ДТЖО, тәлімгер Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері

21	«Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері» сурет көрмесі Ұлттық ойындардан жарыс	1-4 сынып 1-11 сынып	Наурыз 11-16	Тәлімгер Тәлімгер
22	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» мерекелік іс-шара	1-11 сынып	Наурыз 18-20	ДТЖО Тәлімгер
23	«Көктем келді!» атты сурет көрмесі «Құстарға қамқорлық» ұялар орнату 5-7 сынып «Ең әдемі құс» мүсіндеу	1-5 сынып 5-11 сынып 1-4 сынып	Сәуір 3-6	Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері Тәлімгер
24	«Ғарышкер болғым келеді» сынып сағаты, шығармалар сайысы	1-4 сынып	Сәуір 8-13	Тәлімгер
25	«Мен елімнің ертеңі» флеш моб	7-11 сынып	Сәуір 15-20	Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
26	1-мамыр «Бірлік күні» 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған іс – шараларға қатысу «Жігіт сұлтаны» сайысы 5-11 сыныптар	1-11 сыныптар	29-4 сәуір-мамыр	Директордың ДТЖО Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
27	9-мамыр Ұлы Отан соғысына арналған еске алу апталығына қатысу «Жеңіс күні» «Жеңіс күні» мерекесіне қабырға газеті	1-11 сынып	Мамыр 6-11	Директордың ДТЖО Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
28	«Жас Ұлан» ұйымының туған күн мерекесін өткізу «Жас Ұлан» ұйымының отырысы Жылдық атқарылған жұмыстар есебі. Қорытынды жасау.	10-сынып	Мамыр 13-18	Тәлімгер «Жас Ұлан» белсенділері
29	«Соңғы қоңырау-2022» мерекесіне дайындық «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиыны	1-11 сынып Мектеп ұжымы Ата-аналар	Мамыр 20-25	Директордың ДТЖО Тәлімгер

Аға тәлімгер: Ерназарова Аяулым Ондасынқызы

**«Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
Мектеп тәлімгері Ерназарова Аяулымның 2022-2023 оқу жылының І-ші
жарты жылдығында атқарған жұмыстарының есебі**

«Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Мектеп тәлімгері Ерназарова Аяулымның 2022-2023 оқу жылының І-ші жарты жылдығында атқарған жұмыстарының есебі

Мектеп тәлімгері 2022-2023 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, мектеп комитетімен бірлескен жоспарын, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты. Жылдық жоспардың негізінде айлық, апталық жоспарлар түзілді.

Мектепте ұйым ұланбасшысы, мектеп комитетінің мүшелері сайланып, қашықтықтан барынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы төмендегі 7 бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

1. «Руханият»
2. «Отан»
3. «Жеті Жарғы»
4. «Салауат»
5. «Экоәлем»
6. «Еңбек»
7. «Зерде»

1. Бірініші бағыт – Руханият

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Осы мақсатқа жету барысында қыркүйек айынан бастап көптеген іс-шаралар өтті. 2022-2023 оқу жылының алғашқы күні «Білім күніне» арналған салтанатты жиынмен қатар, 1-11 сыныптарда «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. Мектеп директоры құттықтау сөзімен бастап, ән, би орындалды.



2. Екінші бағыт – Отан.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, бүгінгі мен келешегіне қызмет етуге тәрбиелеу.

Қыркүйек айында мектепте тілдер апталығы аталып өтті. Қазақ тілі, әдебиет, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын пән мұғалімдері өз жұмыстарын жүргізді.


13-қыркүйекте «Өзін-өзі басқару» ұйымының президентіне сайлауы өтті. Мақсаты: Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың әлеуметтік және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, өздерінің мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға тәрбиелеу.



3. Үшінші бағыт – Жеті Жарғы.

Мақсаты: Рухани ойлау дәрежесі биік, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу.

«Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік!» тақырыбында тәрбие сағаттары 1-4 сыныптарда өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушылардың жолда жүруін қадағалау.



23 қараша күні 7-11 сынып оқушыларына ұлдар жиналысы өтті.

Жиналыста қаралған мәселелер:

1. Мектептің ішкі тәртібі, сабаққа кешігу және себепсіз қалу
2. Электронды темекі, оның зияны
3. Ұлдар арасындағы әлімжеттілік
4. Буллинг
5. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс, оның жазасы
6. Ұлдар гигиенасы
7. Кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта жүруі туралы

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша Отаралиева Ақгүль Алдабергеновна электронды темекі зардаптары, әлімжеттік жағдай орын алғанда, кәмелет жасқа толмағандар қылмыс жасағанда, ата-анасыз түнгі уақытта жүру кезінде салынатын айыппұл мен жаза жайында мағлұмат берді. Инспектор Иссаев Ренат Рахимович қазіргі таңдағы буллинг және кибербуллингтің кең таралуы, оның салдары неге әкеп соғатыны жайлы ақпарат жасады. Оқушылар сұрақтар қойып, тиісті жауаптар алды.



Қазан айында мектебімізде «Бақша ғажайыптары» мерекесі аталып өтті. Аталған іс-шараның мақсаты: күз мезгілінің тамаша сәттерін бағалай білуге үйрету, күз мезгілінің молшылық кезеңі екенін ұғындыру, оқушылардың бойында шығармашылық қасиеттерін дамыту. Өздерінің қолдан жасалған қолөнер бұйымдарын әкеліп көрмеге қойды. Түрлі жеміс-жидектерден, көкөністерден, жасалған бұйымдар әкелінді. 1-2-3-4-5-6 сыныптардың оқушылары қатысты.

«Күз ханзадасы мен ханшаймы» деп аталатын сайыс өткізілді. Сайысқа 7-11 сыныптардың оқушылары қатысты. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Сайыс барысында өз өнерлерін көрсетіп, үздіктер орындарға ие болды.



Қазан айының алғашқы жексенбісі мұғалімдер күні аталып өтті. Аяулы ұстаздарымыздың мерекесінде мектепте өзін-өзі басқару күні болды. Оқушылар бір күн өздерін ұстаз сезініп, мұғалімдердің еңбектерін түсінді. Ал ұстаздар бір сәтке оқушы болып, балалық шақты еске түсірді.



4. Төртінші бағыт – Салауат.

Мақсаты: Отбасы дәстүрін сақтай білуге, ата-анасын, үлкенді қадірлей білуге тәрбиелеу.


Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы жарияланды. Акциясы аясында мектебіміздің 1-11 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: зорлық-зомбылықтың түрлерімен танысу, оның салдары және зорлық

зомбылыққа тап болған жағдайда сенім телефондары жайлы мәлімет алу. Балалардың балалық шағын қорғау, олардың тыныштығын қамтамасыз ету.



Қараша айының 11 і күні "Өзін-өзі басқару ұйымы" оқушылары және тәлімгермен бірге "Нашақорлыққа жол жоқ" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты- оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету, ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру, дамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу.



Күзгі демалыс уақытында балалардың демалысын тиімді пайдалану мақсатында жоспар құрылды. Мақсаты: каникул кезінде оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануды ұйымдастыра отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. Жоспарға сәйкес оқушылар өз жұмыстарын жіберіп отырды.

5. Бесінші бағыт – Экоәлем

Мақсаты: Оқушыларды адам және табиғат бойындағы сұлулықты сезіне білуге, туған өлкесіне, өз туған жерін сүйуге, ел байлығын қорғай білуге тәрбиелеу.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының оқушылары 18 қарашада, 5-7 сыныптар арасында «Эко әдеттер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: экологиялық білімді арттыру, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу және айналаны қоқыстан тазарту жолдарын қарастыру, салауатты өмір салты мен ерік- жігерді шыңдау.



6. Енбек

Мақсаты: Тұлғаны жан-жақты дамыту көшбасшылыққа зияткерлікке тәрбиелеу.

Тілдер мерекесі жоспарының аясында «Қазіргі қоғамдағы тіл мәселесі» тақырыбында дебат өтті. Дебатқа екі команда қатысты. Бас төреші облыстық, аудандық дебат байқауыннан жүлдері орын алып жүрген, мектебіміздің 11-ші сынып оқушысы: Умарова Ұлжан. Дебатшылар белсенді ат салысып, өз ойларымен толыққанды, еркін бөлісті.



Республика күніне орай «Қазақстан кеше және бүгін» тақырыбында дебат өтті. Дебатқа екі команда қатысты. Бас төреші: «Өзін-өзі басқару» ұйымының, Дебат қозғалысы фракция жетекшісі, 9"Ә" сынып оқушысы: Женисбаева Аида. Дебатшылар белсенді ат салысып, өз ойларымен толыққанды, еркін бөлісті.



"Болашақ" дебат клубының мүшелері "Қазақстанның төл валютасының болашағы бар ма?" тақырыпта дебат ойынын өткізді. Ойында оқушылар тақырып бойынша екі жақта өз ойларын ашық білдірді. Мақсаты - оқушылардың тақырыпқа сай сыни ойлау тұрғысынан дамуына, өз

пікірін нақты жеткізуге, еліміздің төл теңгесі туралы тұжырымды дәлелдер келтіре білуге үйрету болып табылады.



7. Зерде

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

27 қазан күні, 1 сынып оқушыларына “Көңіл күй” эмоция тренингі өткізілді. Түрлі ойындар арқылы, оқушылар эмоцияларымен бөлісіп, бір сергіп қалды. Жауапты: мектеп тәлімгері Ерназарова Аяулым Оңдасынқызы мен “Өзін-өзі басқару” ұйымының, “Өзін-өзі тану және бақыт” фракция жетекшісі: 7”Ә” сынып оқушысы, Алтынбек Рамазан



Эстетикалық тәрбие беру мақсатында 1-11- сынып оқушыларына тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың талғаммен киінуі басты назарда ұсталынады. Қыз балаларды әсемдікке баулу, оларға эстетикалық тәрбие беру, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, қолөнерге баулуда технология пәні мұғалімі қыздарға жұмсақ ойыншық жаса техникасын үйретті.

«Мектепке кітіп сыйла» акциясы аясында оқушылар көптеген қызықты, әдеби, ғылыми танымдық кітаптарды әкеліп тапсырды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Желтоқсан құрбандары» атты еске алу кеші болды. Мақсаты: Азаттық жолында және ашаршылық қасіретінен, құрбан болған бабаларымызды еске алу, рухына тағзым ету. Өнегелі іс арқылы өскелең ұрпақтың санасына, бойына отансүйгіштік, елжандылық һәм ұлтжандылық қасиеттерді сіңіру. Мерекелік концертімізде жас өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салды.

Тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағаттарын сынып жетекшілер өз сыныптарымен өткізді. Барлық шаралар жоғары деңгейде өтіп мақсатына жетті.



Оқушылардың асыға күтетін мейрамы жаңа жыл мерекесі 27 желтоқсан күні бастауыш сынып оқушыларының, 28 желтоқсан күні 5-11 сынып оқушыларының жаңа жылдық шыршасы өтті. Биылғы шыршаның ерекшелігі оқушылардың қалауы бойынша «Түрлі түсті кеш» тренді арқылы жасалды. Шыршаға әр сынып өздері таңдаған түспен киініп келді. Сонымен қатар өз өнерлерін көрсетіп, аяз атадан сыйлық алды.



Тәлімгер: Ерназарова А.О